

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 наурыздағы N 299 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 553 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды, ақпараттандыру процестерін қалыптастыру мен дамыту және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 50, 473-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары бойынша қызметті үйлестіру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Бисенбаев - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік
Асылбек Қынарұлы Кеңесінің Хатшылығы меңгерушісінің
орынбасары (келісім бойынша);

Есекеев - Қазақстан Республикасының Экономика
Қуанышбек Бақытбекұлы және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Ақпараттандыру саясаты және инновациялар
департаментінің директоры;

м ы н а :

"Рябченко - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Олег Григорьевич ақпарат және қоғамдық келісім
вице-министрі"

деген жолдағы "вице-министрі" деген сөздер "бірінші вице-министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

м ы н а :

"Евсюков - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Александр Васильевич кіріс министрлігі Ақпараттық технологиялар
департаментінің директоры"

деген жолдағы "Мемлекеттік кіріс" деген сөздер "Қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

м ы н а :

"Молчанов Сергей Николаевич - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ақпараттық технологиялар департаменті директорының міндетін атқарушы (келісім бойынша)"

деген жолдағы "департаменті директорының міндетін атқарушы" деген сөздер "департаментінің директоры" деген сөздермен ауыстырылсын;

м ы н а :

"Досаев Ерболат Асқарбекұлы - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы"

деген жолдағы "бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау" деген сөздер "және бәсекелестікті қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген құрамнан Уатай Базарбек Уатайұлы шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары бойынша қызметті үйлестіру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

2 - т а р м а қ т а :

"Мемлекеттік кіріс министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің" деген сөздер алынып тасталсын;

"Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің" деген сөздер "Көлік және коммуникациялар министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Экономика және сауда министрлігінің" деген сөздер "Индустрия және сауда министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өкілдері" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің (келісім бойынша) және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі